

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ

**“Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық
денсаулық” кафедрасы**

Презентация

Тақырыбы: Аурушандық көрсеткіштерін есептеу және талдау. Мүгедектік

Орындаған: Кәрімжан.К.Б
Тобы:В-ЖМҚА-07-19
Қабылдаған: Отызбайева.Н

Мазмұны:



- 01 Аурушаңдық
- 02 Аурушаңдық көрсеткіштері
- 03 Кәсіптік уланулар мен ауруларды есепке алу, тіркеу, тексеру.
- 04 Алдын-алу шараларының тиімділігін бағалау.





Аурушаңдық – халық арасында аурудың таралуы.

Алғашқы аурушаңдық (ауру сырқаулық) халық арасындағы жаңа, бұрын еш жерде тіркелмеген және биылғы календарлық жылда алғаш рет анықталған аурулардың жиынтығы. Жалпы аурушаңдық (таралуы) – бұл биылғы жылы бірінші рет анықталған аурулар мен өткен жылы анықталып, биылғы жылы сол аурудың салдарынан бірінші рет қаралған халық арасындағы барлық аурулардың жиынтығы.



Қазақстан халқы арасында алғашқы аурулық құрылымында негізгі рангтік орындарды тыныс алу жүйесі аурулары, тері және тері асты шел қабаты аурулары, жарақаттар мен уланулар, зәр шығару, ас қорыту аурулары алады, жалпы аурулық құрылымында – тыныс алу жүйесінің аурулары, ас қорыту, зәр шығару, қан айналым жүйесі аурулары, көз және оның қосалқылары аурулары алады.

01

02

03

05


04

Аурушандықты зерттеу статистикалық зерттеудердің жалпы қабылданған схемасы және қатаң кезекті этаптар бойынша жүргізіледі.

Халық аурушандығын бағалау үшін 1000, 10000, 100000 тұрғынға есептеліп шығарылған орташа жылдық халық санына қатысты аурулар саны ретінде есептелген көрсеткіштер қолданылады.

Аурушандықта себеп-салдарлық байланысты анықтау үшін халықтың құрамын (жасы, жынысы, жанұя жағдайы, әлеуметтік статусы және т.б.) ескеру қажет.

06



Жұмысшылардың аурушаңдығын зерттеудің негізгі үш әдісі бар:

Ең жиі қолданылатын және ең ақпаратты болып бірінші екі әдіс табылады.

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне байланысты уақытша еңбекке қабілеттілікті жоғалтумен жүретін аурушылдық 16-ВН нұсқасы бойынша немесе терең жеке есепке алу әдісімен (есепке алу мәліметтері бойынша) зерттелуі мүмкін.

- емдік-профилактикалық мекемелерге дәрігерлік көмекке қаралу мәліметтері бойынша. Бұл кезде амбулаториялық-емханалық мекемелерге бірінші рет қаралғандарды тіркеу материалдары немесе уақытша еңбекке қабілеттілікті жоғалтуға алып келген жағдайларды тіркеу мәліметтері (жұмыстан босату) қолданылады;
- профилактикалық медициналық тексерулер нәтижелері бойынша;
- өлім себептері бойынша.



Екі әдістің де бақылау бірлігіне жұмысшының ауруымен байланысты еңбекке жарамсыздықтың әрбір жағдайы, ал есепке алу құжатына – еңбекке жарамсыздық қағазы жатады. Ол кәсіпорынның бухгалтериясында сақталады, себебі ол тек заңдық құжат болып қана емес, сондай-ақ қаржы құжаты болып табылады. Еңбекке жарамсыздық қағазынан ауру туралы және оның ұзақтығы туралы мәліметтерді көшіріп алып, кәсіподақ ұйымы және медициналық-санитарлық бөлімнің дәрігері (денсаулық пунктінің) тоқсандық есеп беру құжаттарын жасайды және 16 - ВН нұсқасы бойынша талдау жүргізеді.



Басқа статистикалық зерттеулер тәрізді аурушаңдықты зерттеу әдістері жаппай немесе таңдамалы болады. Жеке территориядағы немесе оның жеке топтарында халық аурушаңдығын зерттеу әдісін таңдау зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай анықталады


Халықтың және оның жеке топтарының аурушаңдық деңгейін, құрылымы мен динамикасын бағалау кезінде көрсеткіштерді республика, облыс, район, қала көрсеткіштерімен салыстыру қажет.

Аурушаңдықты зерттеудің негізгі әдістеріне жатады:


- емдеу-профилактикалық мекемелерге өз бетімен қаралуы бойынша;
- өлім себептері мәліметтері бойынша (Өлім туралы дәрігер куәлігі (106/у);
- медициналық тексеру мәліметтері бойынша (профилактикалық тексерулерді тіркеу картасы (131/у).



Осындай көздерден алынған халық аурушаңдығы туралы мәліметтер толық болып келмейді, ол көптеген факторлар кешеніне тәуелді. Халық аурушаңдығын зерттеу көздерінің әрқайсысының артықшылығымен қоса кемшіліктері де бар.




Денсаулық және аурушандықты зерттеудің қосымша әдісіне **сұрастыру (анкеталық немесе интервьюлік)** әдісі жатады. Анкеталық әдісті кейбір ауруларды анықтау үшін, мысалы жүректің ишемия ауруларын және осы аурудың қатер топтарын қалыптастыру үшін халықты жалпылай тексерудің бірінші кезеңінде қолдануға кеңес береді. Әрбір ауру сәйкесінше тіркеу мен есепке алудың қабылданған талаптарына сай міндетті түрде тіркеуге алынады.



Есептеу үшін келесі бастапқы мәліметтер қажет болады:

- Есептеу үшін келесі бастапқы мәліметтер қажет болады:
- жұмысшылар саны (бір жылдағы орташа);
- еңбекке жарамсыздық күндерінің абсолютті саны (Ф. 16-ВН нұсқасы бойынша);
- ауруы себепті жоғалтылған адамдар-күндер саны;
- 1 жұмысшыға келетін жұмыс күндерінің орташа саны;
- жылына орта шамамен 1 жұмысшыға келетін өнімнің шығарылуы (теңгемен);
- жылына орта шамамен 1 жұмысшыға келетін шартты-тұрақты шығындар (теңгемен).



Мүгедектік - ағза қызметінің тұрақты бұзылысы мен денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тыныс-тіршілігінің шектелісі.

БҰҰ сарапшыларының деректері бойынша мүгедектердің жалпы әлемдік саны 600,0 млн адамды немесе халықтың 10% құрайды. Олардың ішінде 385 млн еңбек етуге қабілетті жастағы адамдар болып табылады.

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикадағы барлық санаттағы мүгедектердің саны 413,6 мың адамды немесе барлық халықтың шамамен 3%-ын құрайды.



Мүгедектік көрсеткіштерге әсер ететін факторлар:

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі

Денсаулықтың жай-күйі

Медициналық қызмет сапасы

Оңалту қызметінің сапасы


Экологиялық ортаның жай-күйі

Мүгедектердің жас құрылымында еңбек етуге жарамды жастағы адамдар басым (мүгедектердің жалпы санының 70%-ы).

Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес мүгедек — тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам. Сонымен қатар осы заңда мүгедек балаға да мынадай жеке анықтама беріп өтеді: тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам. Ал мүгедектік дегеніміз — организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі.



Мүгедектің құқықтары



- әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу
- әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына кірумен қамтамасыз етілу
 - ақпаратты алуға мүмкіндік берумен қамтамасыз етілу
 - білім беру, қызмет түрін еркін таңдау, соның ішінде еңбекке байланысты
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын тәртіппен көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілденген көлеміне ие болу
- кәсіби дайындық және қайта дайындау, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру және жұмысқа орналасу
- Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес үй алу
- Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет көрсетіледі
 - Мүгедектердің шығармашылық мүмкіндіктерін қолдау.

Мүгедектердің құқықтарын қорғау қозғалысын дамытуда америка мемлекетінің басшылары айтарлықтай прогреске қол жеткізді. 1975 жылға дейін АҚШ-та мүгедектердің өмір сүру ортасына қол жеткізу жағдайы басқа елдерден еш айырмашылығы болған жоқ. 1975 жылы Американдық мүгедектер туралы Заң қабылданғаннан бастап (АҚШ Президенті Дж. Форд) жағдай түбегейлі өзгерді. Мүгедектердің өздері кемсітуге қарсы ірі-ірі қозғалыстарды бастады. Арнайы құрылған құрылысшы-мердігерлер бригадасы бүкіл Америкада съездер мен пандустар жасай бастады, күннен күнге америка қалаларында мүгедектердің тіршілігі жақсара түсті.





- Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды мына жолмен қамтамасыз етеді:
- қызмет орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектерге жұмыс орындарынан квота бекіту
- жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру
- арнайы, сонымен қатар мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру
- мүгедектерді кәсіби оқыту ұйымдары

Қорытынды

Еліміздегі әлеуметтік жұмыстың әрбір саласы халықты қолдау мен көмек көрсету барысындағы нақты мәселелер шешілуде, әлеуметтік жұмыстың нормативтік-құқықтық базасы құрылып, әлеуметтік жұмыстың кәсіби іс-әрекеті ретіндегі функциялық міндеттері орындалуда. Дегенмен, әлеуметтік қызметкерлер тек қана әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыру әрекетімен ғана айналысып қоймай, адамды кедейшіліктен, мұқтаждықтан, әділетсіздіктен, маргиналдықтан құтқаруға да мүмкіндіктерінің шектелгендігін игерудегі, өз бетімен шешім қабылдауға, қиыншылықтағы қысылған жағдайда жол таба білуге, оны жеңе білуге, қабілеттерін жақсартуға көмек көрсетудегі белсенділіктері ескеріліп, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе деген ойдамыз.

Қолданылған әдебиеттер

- 1. Жаназарова З.Ж. Социальная работа с семьей: Учебное пособие для студентов гуманитарных факультетов высших учебных заведений. – Алматы: Қазақ университеті, 2003г.
- 2. Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары: 2003ж. 15 қаңтардағы №20 қаулысымен бекітілген.
- 3. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік жәрдемақылар – Заң газеті – 2005-14 қаңтар.
- 4.Блинков Ю.А., Ткаченко В.С., Клушина Н.Г. Медико-социальная экспертиза лиц с ограниченными возможностями / Серия «Учебники, учебные пособие»- 2002г.
- 5. Мельников В.П., Холостова Е.И. История социальной работы. Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Издательско – книготорговый центр «Маркетинг»; 2002г.
- 6. Холостова Е.И., Деменнтьева Н.Ф. Социальная реабилитация: Учебное пособие. – 3-е изд. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2004г.
- 7.Пантелеева Т.С., Червякова Г.А. Экономические основы социальной работы: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2004г.
- 8.Уровень жизни населения в Казахстане. Статистический сборник. Под редакцией Ю. К. Шокаманова. – Алматы, 2004г.

Назарларыңызға Рақмет!

